

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау
жөніндегі агенттігімен келісілді

Акционерлердің Жалпы
жиналысының шешімімен
бекітілген
«25» наурыз 2008 жылы

Төраға орынбасары

«__» _____ 200__ жылдан

**«БТА Банкі» Акционерлік қоғамының
еншілес ұйымы «Лондон-Алматы»
Сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ**

Алматы – 2008 жыл

«ТуранАлем Банкі» АҚ-ның еншілес ұйымы «Лондон-Алматы» Сақтандыру компаниясы» АҚ-ның (Заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеу куәлігі №33991-1910-АҚ, 28.11.2007 ж. берілген, алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 20.11.1997 ж.) құқықтық мұрагері болып табылатын, «БТА Банкі» АҚ-ның еншілес ұйымы «Лондон-Алматы» Сақтандыру компаниясы» АҚ, атауының, құқықтық адресінің және атқарушы органының орналасқан жерінің өзгеруі себебінен және де Қоғамның басқару органдарының құзыретінің өзгеруі себебінен керекті өзгерістерді енгізеді.

1. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

- 1.1.** «БТА Банкі» АҚ-ның еншілес ұйымы «Лондон-Алматы» Сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамының (осы Жарғының мәтіні бойынша - Қоғам) толық атауы:
 - мемлекеттік тілде: «БТА Банкі» Акционерлік қоғамының еншілес ұйымы «Лондон-Алматы» Сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы;
 - орыс тілінде - Акционерное общество «Дочерняя организация Акционерного общества «БТА Банк» Страховая компания «Лондон-Алматы».
- 1.2.** Қысқаша атауы:
 - мемлекеттік тілде - «Лондон-Алматы» Сақтандыру компаниясы» АҚ;
 - орыс тілінде – АО «Страховая компания «Лондон-Алматы».
- 1.3.** Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Өл-Фараби даңғылы, 19/1, «Нұрлы Тау» полифункционалды орталығы, блок 3Б, 9 қабат.

2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

- 2.1.** Қоғам өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясының, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының, Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі туралы» Заңының және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік-құқықтық кесімдерінің, сондай-ақ осы Жарғының негізінде жүзеге асыратын болады.
- 2.2.** Қоғам өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражаттар тарту мақсатында акциялар шығаратын заңды тұлға болып табылады.
- 2.3.** Қоғам өз акционерлерінің мүлкінен оқшауландырылған мүлікке ие және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өзінің міндеттемелері бойынша өз мүлкінің шектерінде жауапкершілік көтереді.
- 2.4.** Қоғамның акционері Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қоғамның қызметіне байланысты залалдар тәуекелін өзіне тиесілі акциялардың құны шектерінде көтереді.
- 2.5.** Қоғам өз акцияларының шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін акциялардың жарияланған мөлшері шегінде оларды бір немесе бірнеше орналастыру арқылы орналастыруға құқылы. Акцияларды орналастыру ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында өткізілетін жазылу немесе аукцион не бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында өткізілетін жазылу немесе аукционда сату арқылы жүзеге асырылады.
- 2.6.** Қоғамның акционерлерінің саны шектелмеген.
- 2.7.** Қоғамның өз мөрі, фирмалық атауы, сондай-ақ заңды тұлғаның басқа айрықша белгілері бар.
- 2.8.** Қоғамның қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.
- 2.9.** Қоғам заңды тұлғаның құқықтарын оны мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап алады.
- 2.10.** Қоғамның қызмет мерзімі шектелмеген.

3. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 3.1.** Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы көздеген барлық құқықтар мен міндеттерді көтереді.
- 3.2.** Қоғамның құқықтары:
- 1) Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттар, өзара шарттар) жасасады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар иемденеді және міндеттер көтереді, сотта талапкер және жауапкер болып бой көрсетеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жүзеге асыра алады;
 - 2) Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасы айқындайтын негіздерде Қазақстан Республикасының аумағында және шетелдерде барлық меншік нысанындағы басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге кіруге, Қазақстан Республикасының аумағында және шетелдерде басқа шаруашылық жүргізуші субъектілердің құрылтайшысы болып бой көрсетуге, қатысушысы болуға құқығы бар;
 - 3) Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы көздеген тәртіпте акцияларды шығарып және оларды орналастыра алады;
 - 4) Қоғам Қазақстан Республикасында және шетелдерде өзінің филиалдары мен өкілдіктерін құрып, оларға өзінің мүлкінің есебінен негізгі және айналымдық қаражаттар бере алады және қолданыстағы заңнамаға сәйкес олардың қызмет тәртібін айқындайды. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі жеке баланста және Қоғамның жалпы балансында есепке алынады. Филиалдар мен (немесе) өкілдіктердің қызметіне басшылықты Қоғам тағайындайтын тұлғалар жүзеге асырады. Филиалдың басшысы және өкілдіктің басшысы Қоғамнан алынған сенімхаттың негізінде әрекет етеді;
 - 5) Қоғамның заңнама белгілеген тәртіпке сәйкес ұлттық, сондай-ақ шетел валютасында несиелерді пайдалануға құқығы бар;
 - 6) үш айдан аспайтын мерзімге меншікті капиталының мөлшерінің он пайызынан аспайтын көлемде шетелдік және ұлттық валютада қарыздар тартуға құқығы бар;
 - 7) Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіпте бағалы қағаздармен операциялар жасауға, соның ішінде акциялар шығаруды (эмиссия) жүзеге асыруға, сондай-ақ отандық және шетелдік компаниялардың акцияларын, облигацияларын сатып алуға құқылы;
 - 8) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен орнатылған өлшемдерге сәйкес болған жағдайда уәкілетті органмен белгіленген тәртіпте жария компания ретінде танылуға өтініш беруге құқылы;
 - 9) Қоғам сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен осы Жарғы көздеген басқа да құқықтарды жүзеге асыра алады.
- 3.3.** Қоғамның міндеттері:
- 1) Қоғам аффилиирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе Қоғамның тіркеушісі беретін мәліметтер негізінде (уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ірі акционер болып табылатын тұлғаларға қатысты ғана) жүргізуге міндетті;
 - 2) жылдық қаржы есебінің аудитін жүзеге асыруға міндетті;
 - 3) Қоғам акционерлерінің мүддесіне қатысты Қоғам қызметі туралы ақпаратты Қоғам өз акционерлерінің назарына жеткізуге міндетті;
 - 4) Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие Қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді;
 - 5) Жария компания Интернет желісіндегі қоғамға тиесілі және уәкілетті орган белгілеген талаптарға жауап беретін ресми электронды сайтты иеленуге міндетті;

- 6) Қоғам сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен осы Жарғы көздеген басқа да міндеттерді атқарады.

4. ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ, МӘНІ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

- 4.1. Қоғамның негізгі қызметі сақтандыру қызметі және Қазақстан Республикасының заңнамасы тыйым салмаған өзге кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудан табыс алу болып табылады.
- 4.2. Аталған мақсатқа сәйкес, Қоғам сақтандыру қызметінен басқа төмендегілерді жүзеге асырады:
- 1) инвестициялық қызмет;
 - 2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын арнаулы бағдарламалық қамтамасыз етуді сату;
 - 3) ақпарат берілімдерінің кез келген түрлерінде сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі жөнінде арнаулы әдебиет сату;
 - 4) бұрын өз мұқтаждары үшін сатып алынған (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін) немесе оның қарамағына сақтандыру шарттарын жасасуға байланысты келіп түскен (сақтандыру ұйымы үшін) мүлікті сатуды немесе жалға беру;
 - 5) сақтандыру қызметіне байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызмет көрсету;
 - 6) сақтандыру (қайта сақтандыру) саласында мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында оқытуды ұйымдастыру мен жүргізу;
 - 7) сақтандыру агенті ретінде сақтандыру делдалы болу;
 - 8) консорциум немесе жай серіктестік құру;
 - 9) сақтандыру ұйымдары арасындағы не сақтандыру ұйымдары мен ассистанс қызметін көрсететін өзге де заңды тұлғалар арасындағы бірлескен қызмет туралы шарттың негізінде жүзеге асырылатын ассистанс;
 - 10) сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне қатысу шеңберінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген қызметті жүзеге асыру.
- 4.3. Қоғам кәсіпкерлік қызмет ретінде осы Жарғының 4.1. - 4.2.-тармақтары көздемеген мәмілелерді жүзеге асыруға және операциялар жүргізуге құқысыз.

5. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 5.1. Қоғамның акционерлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы және осы Жарғы айқындайтын тәртіпте Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттердің заңды тұлғалары мен азаматтары бола алады.
- 5.2. Қоғам акционерлерінің:
- 1) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы және осы Жарғы көздеген тәртіпте Қоғамды басқаруға катысуға;
 - 2) дивидендтер алуға;
 - 3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысы немесе осы Жарғы айқындаған тәртіпте Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
 - 4) Қоғам тіркеушіден немесе атаулы иесінен өздерінің акцияларға меншік құқығын қуаттайтын үзінді көшірмелер алуға;
 - 5) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;
 - 6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;
 - 7) Қоғамның органдары заңнаманың және осы Жарғының нормаларын бұзатын әрекеттер жасаған жағдайда өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін мемлекеттік органдарға жүгінуге;
 - 8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салып жолдануға және сұрау салу Қоғамға келіп түскен күннен бастап отыз күннің ішінде уәжді жауаптар алуға;

- 9) Қоғам таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігіне;
- 10) заңнама белгілеген тәртіпте Қоғамның акцияларын басымдықпен сатып алу құқығы бар.
- 5.3. Ірі акционердің - акционердің немесе өзара жасасқан келісімнің негізінде әрекет ететін, Қоғамның дауыс беруші акциялардың он және одан көп пайызы тиесілі акционердің (акционерлердің) сондай-ақ:
 - 1) Қоғам акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналыстарын шақыруға;
 - 2) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес Директорлар кеңесіне Акционерлерің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;
 - 3) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
 - 4) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғамның аудитын өткізуін талап етуге құқығы бар.
- 5.4. Миноритарлық акционер - Қоғамның дауыс беретін акцияларының он процентінен азы тиесілі акционер.
- 5.5. Акционерлердің қолданыстағы заңнама көздеген басқа да құқықтары бола алады.
- 5.6. Қоғамның акционері:
 - 1) осы Жарғы мен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы көздеген тәртіпте акциялардың ақысын төлеуге;
 - 2) Қоғам акциялары иелерінің тізілімін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы он күннің ішінде тіркеушіге немесе осы немесе осы акционерге тиесілі акциялардың атаулы иесіне хабарлауға;
 - 3) Қоғамның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе өзге бір заң қорғайтын құпияны құрайтын мәліметтерді жария қылмауға;
 - 4) құзыретті органының сұранысы бойынша құрылтай құжаттары мен қаржылық тұрақтылығы туралы құжаттарды беруге;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдері көздеген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.
- 5.7. Акционердің 5.6.-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауының салдары үшін Қоғам мен Қоғамның тіркеушісі жауапты болмайды.

6. ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ МЕН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

- 6.1. Қоғамның жарғылық капиталы құрылтайшылардың акциялардың атаулы құны бойынша ақысын төлеуі және акцияларды Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының талаптары жарғылық капиталы белгілеген орналастыру бағасы бойынша инвесторларға (инвесторға) сату арқылы қалыптастырылады және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен төленеді.
- 6.2. Акцияның құрылтайшылар алдын ала енгізетін төлем мөлшері Қоғамның жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерінен кем болмауға және оны құрылтайшылар Қоғам заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап отыз күн ішінде толық төлеуге тиіс.
- 6.3. Қоғам жай акцияларды шығара алады. Қоғамда «алтын акция» енгізілуі мүмкін емес.
- 6.4. Қоғам акциялар шығаруды құжатсыз нысанда жүзеге асырады.
- 6.5. Қоғамның акциялары орналастырылған кезде тек қана Қазақстан Республикасының ұлттық валюта ақшасымен төленуге тиіс. Қоғам Қазақстан Республикасының қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның келісімімен ғана акционерлерден меншікті акцияларын сатып алуға, мәміле жасау нәтижесінде Қоғамның қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеті мәселелеріне қатысты Қазақстан Республикасының заң талаптары бұзылмайтын жағдайда құқылы.

- 6.6. Қоғам өзінің жай акцияларын, осы акцияларды инвесторлардың шектеусіз тобына ұсына отырып, бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған және (немесе) ұйымдастырылған нарығына орналастыруды жүзеге асырады.
- 6.7. Қоғамның орналастырылған жай акцияларының жалпы санының кемінде отыз проценті, олардың әрқайсысы Қоғамның орналастырылған жай акцияларының жалпы санынан Қоғамның жай акцияларының бес процентінен аспайтын акционерлерге тиесілі болуға тиіс.
- 6.8. Қоғамның жай акцияларының сауда-саттық көлемі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес болуға тиіс.

7. ҚОҒАМНЫҢ ТАБЫСЫ

- 7.1. Қоғам өз қызметінің нәтижесінде алған табыстар қолданыстағы заңнама бойынша салықтар мен басқа да бюджетке міндетті төлемдер төлеуден кейін Қоғамның меншігінде қалады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен осы Жарғыға сәйкес Қоғамның қорларын құру және акциялар бойынша дивидендтер төлеу үшін пайдаланылады.
- 7.2. Қоғам жыл сайын төлейтін акцияларға дивидендтер төлеу тәртібі және шамасын айқындау Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.
- 7.3. Дивидендтер төлеу туралы шешім Акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның дауыс беруші акцияларының қарапайым көпшілігімен қабылданған жағдайда Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер ақшалай немесе Қоғамның акцияларымен төленеді.
- 7.4. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді оның акцияларымен төлеуге тек осындай төлем акционердің жазбаша келісімі болғанда Қоғамның жарияланған акцияларымен жүзеге асырылатын жағдайда жол беріледі. Дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтер төлене басталатын күннің алдында келетін күнге жасалуға тиіс.
- 7.5. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс. Бұл ретте жария компаниялар осы шешімді өздерінің корпоративтік веб-сайтында да жариялауға тиіс.
- 7.6. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер есептеуге тыйым салынады:
 - 1) Қоғамның меншікті капиталының теріс мөлшері жағдайында немесе егер меншікті капиталдың мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеудің нәтижесінде теріс болып шығатын болса;
 - 2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлемге қабілетсіздік немесе дәрменсіздік нышандарына жауап беретін болса, не болмаса аталған нышандар Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеудің нәтижесінде пайда болатын болса.
- 7.7. Осы Жарғының 7-тармағы Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер үлестіруге қатысты реттемеген барлық қатынастар Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық кесімдерімен айқындалады.

8. ҚОҒАМНЫҢ ЕСЕБІ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІГІ

- 8.1. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есебін жүргізу мен қаржылық есептілігі жасау тәртібін Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасы мен халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары белгілейді.
- 8.2. Қоғамның атқарушы органы жыл сайын Акционерлердің жалпы жиналысына талқылау және бекіту үшін өткен жылдағы жылдық Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өткізілген аудиттен өткен қаржылық есептілік ұсынады. Қаржылық есептіліктен басқа Қоғамның атқарушы органы Акционерлердің жалпы

- жиналысына аудиторлық есепті ұсынады.
- 8.3.** Қоғам жыл сайын уәкілеті орган белгілеген мерзімдерде баспасөз басылымында жылдық қаржылық есептілігін жариялауға міндетті.

9. ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

- 9.1.** Қоғамның басқару органдары:
- жоғарғы орган - Акционерлердің жалпы жиналысы;
 - басқару органы - Директорлар кеңесі;
 - атқарушы орган - Басқарма;
 - бақылау органы - Ішкі аудит қызметі құрыла алады.
- 9.2.** Қоғамды басқару процессінде пайда болатын қатынастар, оның ішінде Қоғамның акционерлері мен органдары арасындағы, Қоғамның органдары арасындағы, Қоғам мен мүдделі тұлғалардың арасындағы қатынастар Қоғамды корпоративтік басқару кодексімен реттеледі.

10. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

- 10.1.** Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Қоғам жыл сайын акционерлердің жылдық жиналысын өткізуге міндетті. Акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады. Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады және ол қаржылық жыл аяқталғаннан кейін бес айдың ішінде өткізілуге тиіс. Аталған мерзім есептік кезеңнің ішінде Қоғамның қызметінің аудитын аяқтау мүмкін болмаған жағдайда үш айға дейін ұзартылған болып саналады.
- 10.2.** Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында Қоғамның жылдық қаржылық есептілік бекітіледі, Қоғамның өткен қаржылық жылдағы таза табысын үлестіру тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққанда дивидендтердің мөлшері айқындалады, акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы олар бойынша шешімдер қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарастыруға құқылы.
- 10.3.** Акционерлердің жалпы жиналысын дайындауды және өкізуді:
- 1) атқарушы орган;
 - 2) онымен жасалынған шартқа сәйкес Қоғам тіркеушісі;
 - 3) Директорлар кеңесі;
 - 4) Қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.
- Өз қызметі шеңберінде Акционерлердің жалпы жиналысының және Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындауды және жүргізуді бақылау, Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды және Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына материалдарды қалыптастыруды қамтамасыз ету, оларға қол жеткізудің қамтамасыз етілуін бақылау Директорлар кеңесі тағайындайтын және Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп беретін корпоративтік хатшымен жүзеге асырылады.
- 10.4.** Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне төмендегі мәселелер жатады:
- 1) Қоғамның Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;
 - 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
 - 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
 - 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
- 6) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7) Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- 8) Қоғамның аудитын жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;
- 9) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- 10) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- 11) осы Жарғының 7.6. - тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- 12) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 13) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында беру туралы шешім қабылдау;
- 14) Қоғам акцияларды Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);
- 15) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 16) акционерлерге Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде, бұқаралық ақпарат құралын анықтау;
- 17) шешім қабылдау Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және Қоғам жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.
- 10.5. Осы Жарғының 10.4-тармағының 1)-4) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады. Акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері Қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.
- 10.6. Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды адамдардың және Қоғам қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.
- 10.7. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы
- 10.8. Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы:
 - 1) Директорлар кеңесінің;
 - 2) ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.Ерікті тарату барысындағы Қоғамның акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын Қоғамның тарату комиссиясы шақыра, дайындай және өткізе алады.
- 10.9. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі деректер негізінде Қоғамның тіркеушісі жасайды. Аталған тізімді жасау күні жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте

белгіленбеуі керек.

- 10.10.** Акционерлер алдағы жалпы жиналысты өткізу туралы жиналысты өткізу күнінен кем дегенде отыз күнтізбелік күн бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында – кем дегенде қырық бес күнтізбелік күн бұрын құлақтандырылуға тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама баспасөз басылымында жариялануға және (немесе) акционердің назарына оған жазбаша хабарлама жолдау арқылы жеткізілуге тиіс.
- 10.11.** Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламаның құрамында:
- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;
 - 2) жиналысты шақыруға ынтагер тұлға туралы мәліметтер;
 - 3) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және орыны, жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ егер бірінші жиналыс болмай қалса, Қоғам акционерлерінің екінші қайтара жалпы жиналысын өткізу күні мен уақыты;
 - 4) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні;
 - 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
 - 6) Қоғам акционерлерін Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарымен таныстыру тәртібі болуға тиіс.
- Миноритарлық акционер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында Қоғамның тіркеушісіне өтініш жасауға құқылы. Акционерлердің жалпы жиналысын қайталап өткізуді акционерлердің бастапқы (болмай қалған) жалпы жиналысы белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте тағайындауға болмайды.
- 10.12.** Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі жасайды және онда талқылауға ұсынылатын мәселелердің нақты тұжырымдалған толық тізбесі болуға тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту Қоғамның жиналыста өкілдік еткен дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.
- 10.13.** Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдардың құрамында осы мәселелер бойынша негізгі шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпарат болуға тиіс. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда Қоғамның жылдық қаржы есептілігі, жылдық қаржы есептілігіне аудиторлық есеп, Директорлар кеңесінің аяқталған қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары, Акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге бастамашының қалауы бойынша өзге де құжаттар қамтылуға тиіс.
- 10.14.** Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп процентін иеленген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.
- 10.15.** Акционерлерге сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер (біртұтас нысанда) жолданған жағдайда, аталған бюллетеньдермен тұлғаланған және Қоғам жалпы жиналыстың қатысушыларын тіркеу сәтіне алған дауыстар кворумды айқындау және дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде есепке алынады.
- 10.16.** Болмай қалған жиналыстың орнына шақырылған акционерлердің екінші қайтара жалпы жиналысы егер оған қатысу үшін тіркелудің аяқталу сәтіне қарай жиынтығында Қоғамның дауыс беруші акцияларының қырық және одан көп

- пайызын иеленуші акционерлер (немесе осындай акционерлердің өкілдері), соның ішінде сырттай дауыс беруші акционерлер тіркелген болса, сондай-ақ кворум болмауы себепті өткізілмей қалған Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса, құқылы болып табылады.
- 10.17.** Акционерлердің жалпы жиналысының ашылуына дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүзеге асырылады. Тіркеуден өтпеген акционер (оның өкілі) кворумды анықтағанда ескерілмейді және дауыс беруге қатысуға құқығы болмайды.
- 10.18.** Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған кезде жарияланған уақытында ашылады. Акционерлердің жалпы жиналысы барлық акционерлер немесе олардың өкілдері ендігі тіркелген, құлақтандырылған және жиналыс ашуға қарсы болмаған жағдайларды қоспағанда, жарияланған уақытынан бұрын ашыла алмайды.
- 10.19.** Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасын және хатшысын сайлауды жүргізеді. Акционерлердің жалпы жиналысы ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционердің бір дауысы болады, ал шешім қатысушылар санының жай көпшілік даусымен қабылданады. Жиналысқа қатысушы акционерлердің барлығы атқарушы органға кіретін жағдайларды қоспағанда, атқарушы органның мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.
- 10.20.** Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдана алады. Сырттай дауыс беру жалпы жиналысқа қатысып отырған акционерлердің келіп дауыс беруімен қатар (аралас дауыс беру), не болмаса жалпы жиналыстың отырысын өткізусіз қолданыла алады. Сырттай дауыс беруді жүргізу кезінде дауыс беруге арналған бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға жолданады (таратылады). Қоғамның акциялары иелерінің тізілімінде тіркелген тұлға акциялардың атаулы иесі болып табылатын жағдайда, осы атаулы иеленушінің тапсырыскерлеріне дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жолдау бағалы қағаздар нарығы туралы заңнама белгілеген тәртіпте және мерзімдерде жүзеге асырылады.
- 10.21.** Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға Акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілетін күннен бұрын қырық бес күннен кешіктірмей жіберілуге тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатымен қоғамның дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген акционерлерге таңдап жіберуге құқығы жоқ.
- 10.22.** Сырттай дауыс беруді жүзеге асыру кезінде күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдану үшін біртұтас нысандағы бюллетеньдер қолданылуы тиіс. Дауыс беруге арналған бюллетеньнің құрамында:
- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;
 - 2) жиналысты шақыруға ынтагер тұлға туралы мәліметтер;
 - 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді табыстаудың түпкілікті күні;
 - 4) Акционерлердің жалпы жиналысы шақырылған жағдайда, оның отырысын өткізу күні, не болмаса Акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізусіз сырттай дауыс беру үшін дауыстарды санау күні;
 - 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
 - 6) егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің құрамында Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың есімдері;
 - 7) дауыс беру жүргізілетін мәселелердің тұжырымдамасы;
 - 8) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша «қолдау», «қарсы», «қалыс қалды» сөздерімен бейнеленген дауыс беру нұсқалары;
 - 9) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру)

тәртібінің түсініктемесі болуға тиіс.

- 10.23.** Дауыстарды санау кезінде дауыс беруші ықтимал дауыс беру нұсқаларының тек біреуін қалдырған мәселелер бойынша дауыстар есепке алынады. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер - жеке тұлға осы тұлғаның жеке басын күәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып, қол қоюға тиіс. Акционер - заңды тұлғаның сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысы қол қоюға тиіс және ол заңды тұлғаның мөрімен расталған болуға тиіс. Акционер - жеке тұлғаның, не болмаса акционер - заңды тұлғаның колтаңбасынсыз, сондай-ақ заңды тұлғаның мөрі жоқ бюллетень жарамсыз болып саналады.
- 10.24.** Дауыс беруге Қоғам жалпы жиналыс қатысушыларды тіркеу сәтіне, не болмаса шешімдер жалпы жиналыстың отырысын өткізусіз қабылданатын уақытта дауыстарды санау күніне қарай алған бюллетеньдер қатысады. Сырттай дауыс беру нысанында қабылданатын шешімдер Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін қажетті кворум сақталған жағдайда жарамды болып табылады.
- 10.25.** Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдері көздеген жағдайларды қоспағанда, «Қоғамның бір акциясы - бір дауыс» қағидасы бойынша жүзеге асырылады. Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру ашық тәсілмен және құпия (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру арқылы жүргізіле алады.

11. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ

- 11.1.** Қоғам акционерлерінің мүддесіне қатысты Қоғам қызметі туралы ақпаратты Қоғам өз акционерлерінің назарына Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және осы Жарғыға сәйкес жеткізуге міндетті.
- Қоғам акционерлерінің мүддесіне қатысты мәліметтердің қатарына мыналар жатады:
- 1) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдері және ол шешімдерді орындау;
 - 2) Қоғамның акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерін, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерін бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарының күшін жоюы;
 - 3) Қоғамның ірі мәмілелерді және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелерді жасасуы;
 - 4) Қоғамның өз капиталының жиырма бес және одан да көп проценті болатын мөлшерде Қоғамның қарыз алуы;
 - 5) қызметтің қандай да түрін жүзеге асыруға Қоғамның лицензиялар алуы, қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыруға Қоғамның бұрын алған лицензиялары қолданылуының тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы;
 - 6) Қоғамның заңды тұлға құруға қатысуы;
 - 7) Қоғам мүлкіне тыйым салынуы;
 - 8) нәтижесінде баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын Қоғам мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы;
 - 9) Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапқа тартылуы;
 - 10) Қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;
 - 11) осы Жарғыға сәйкес Қоғам акционерлерінің мүддесіне қатысты басқа мәліметтер. Осы пункттің 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) және 9) тармақшаларында көрсетілген мәліметтерді Қоғам корпоративтік веб-сайтта орналастырады.
- 11.2.** Қоғам акционердің тапсырысы бойынша, қызметтік және коммерциялық мәліметтерге жатпайтын Қоғам сұрастырылған құжаттарының көшірмелерін беруге тиісті.
- 11.3.** Акционер ақпарат алу мақсатында Қоғамның атқарушы органына жазбаша

нысанда өтініш жасайды. Акционердің өтініші Қоғамның кіріс құжаттарын есепке алу журналында тіркелуі тиіс. Қоғам акционерге талап етілетін ақпаратты (талап етілген құжаттардың көшірмелерін) өтініш жасаған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде беруге міндетті. Құжаттардың көшірмелерін бергені үшін төленетін ақының мөлшерін Қоғам белгілейді және құжаттардың көшірмелерін дайындау шығыстарының құнынан және құжаттарды акционерге жеткізуге байланысты шығыстарды төлеу ақысынан аспауы тиіс.

- 11.4. Қоғам және оның акционерлері өзінің хабарларын және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес міндетті түрде жариялайтын басқа ақпаратты жариялау үшін пайдаланатын бұқаралық ақпарат құралдары «Заң газеті» (мемлекеттік тілде) және «Казахстанская правда» (орыс тілінде).

12. ҚОҒАМНЫҢ ІРІ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ ӨЗДЕРІНІҢ АФФИЛИИРЛЕНГЕН ТҰЛҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ҚОҒАМҒА ҰСЫНУЫ

- 12.1. Қоғам өзінің аффилиирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе Қоғамның тіркеушісі ұсынған мәліметтер негізінде_(уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ірі акционер болып табылатын тұлғаларға қатысты ғана) жүргізеді.

- 12.2. Қоғамның ірі акционерлері мен лауазымды тұлғалары өздерінің аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты мынадай көлемде ұсынады:

1) **Жеке тұлғалар туралы:**

- Тегі, аты, әкесінің аты (болса);
- Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері және жеке тұлғаның тұрғылықты жері туралы мәліметтер;
- Туған күні;
- Аффилиирленгендігін тану үшін негіздемелер;
- Аффилиирленгендігінің пайда болған күні;
- Ескертпе.

2) **Заңды тұлғалар туралы:**

- Заңды тұлғаның толық атауы;
- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, заңды тұлғаның почталық мекен-жайы және іс жүзінде орналасқан жері;
- Аффилиирленгендігін тану үшін негіздемелер;
- Аффилиирленгендігінің пайда болған күні;
- Ескертпе.

- 12.3. Қоғамның акционерлері мен аффилиирленген тұлғалары аффилиирленген тұлғалар туралы ақпаратты тұлғаларды аффилиирленген деп тану үшін негіздемелер пайда болған (жойылған) күнінен бастап не акциялар сатып алынған (Қоғамның лауазымды тұлғасымен еңбек шарты жасалған) күнінен бастап жеті күн ішінде ұсынады.

13. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- 13.1. Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамы Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен айқындалады және үш мүшеден кем бола алмайды. Осы Жарғы белгілеген шектерде Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне төмендегі мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау;
- 2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу)

- туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
 - 6) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау;
 - 7) атқарушы органның сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату
 - 8) атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;
 - 9) ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
 - 10) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
 - 11) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
 - 12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
 - 13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
 - 14) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп процентін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешімдерін қабылдау, сондай-ақ олардың қызметі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
 - 15) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;
 - 16) Қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушісін таңдау;
 - 17) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;
 - 18) ірі мәмілелер және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
 - 19) осы Жарғыда көзделген, Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.
- 13.2. Осы Жарғының 11.1. тармағына сәйкес Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Қоғамның атқарушы органының шешіміне табыстала алмайды.
- 13.3. Директорлар кеңесінің неғұрлым маңызды мәселелерін қарау және ұсынымдарын дайындау үшін жария компанияларда:
- 1) стратегиялық жоспарлау;
 - 2) кадрлар және сыйақылар;
 - 3) ішкі аудит;
 - 4) әлеуметтік мәселелер;
 - 5) Қоғамның ішкі құжатында көзделген өзге мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады.
- 13.4. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады.
- Атқарушы органның басшысы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды

- 13.5.** Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.
- 13.6.** Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасын және мүшелерін осы Жарғы көздеген тәртіпте Акционерлердің жалпы жиналысы сайлайды және алдында сайланған Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда жалпы жиналыс қайта сайлайды. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау жиынтық дауыс беру арқылы жүзеге асырылады және олар:
- 1)** акционер - жеке тұлғалардың;
 - 2)** Директорлар кеңесіне акционерлердің мүдделеріне өкілдік етуші ретінде сайлауға ұсынылған (кеңес берілген) тұлғалардың;
 - 3)** басқа тұлғалардың (осы Жарғының 11.5. - тармағы белгілеген шектеуді есепке ала отырып) қатарынан сайланады. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі заңды тұлға бола алмайды.
- 13.7.** Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуға тиіс.
